**Мемлекеттік аттестаттау туралы қорытынды**

**<u>Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Күйкен жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі</u>**
(білім беру ұйымының атауы)

**Бейнеу селосы**
(қорытынды жасау орны) **06 наурыз 2024**
**сағат: 10:00**

Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Күйкен жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының 1,2-параграф бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» РММ 14 қыркүйек 2023 жылғы №36 бұйрығымен бекітілген 2024 жылға арналған білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау тізбесі негізінде
**<u>Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Күйкен жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі</u>**
(білім беру ұйымының атауы)
2024 жылдың 8 қаңтар мен 8 ақпан аралығында өзінөзі бағалау ұйымдастырылып, өткізілді. Мектептің өзін-өзі бағалауын 01 қыркүйек 2023 жыл №19/1 н/қ бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясы өткізді. Комиссия құрамында:

1. М.Малбасов – мектеп директоры,
2. А.Тулегенова – директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;
3. Б.Шаганова – директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;
4. А.Кошимова – директордың бейін жұмысы жөніндегі орынбасары;
5. А.Ералиева – директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;
6. А.Баймұратова – директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, әдіскер;
7. Н.Аманова – кітапхана меңгерушісі;

Комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде сараптамадан өткізілетін негізгі бағыттар мен зерделеу обьектілері бойынша дайындалған. Өзін өзі бағалау материалдарына қарап, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптары сәйкестігіне талдау жүргізді.

Өзін өзі бағалау материалдарын зерделеп және оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру обьектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдармен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметінің сандық, сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

**<u>Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Күйкен жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі</u>**
(білім беру ұйымының атауы)

| | |
|---|---|
| | 1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы |
| 1 | Білім беру ұйымының толық атауы<br>Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің«Күйкен жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі |
| 2 | Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы) Бейнеу селосы, Шағырлы 1. |

| | |
|---|---|
| | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту процесі ұйымдастырылған.<br>Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстары жүзеге асырылды. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы ҚР БжҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына 2-қосымшасы 2-тарау 1-параграф 25-тармағына сәйкес, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 2-қосымшасы 2-тарау 26-тармағына сәйкес жүзеге асырылған.<br>ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі 207-қосымша №352 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы негізінде «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде, 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу пәні шеңберінде, 10-11 сыныптарда АӘ жТД оқу курсының аясында жүзеге асырылған. «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып,жүзеге асырылған.<br>ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы негізінде тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптар сақталған. Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысының әзірленген және бекітілген жоспары негізінде іске асырылған. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін іс-шаралар жоспары негізінде ұйымдастырылған. |
| 5. | Оқу-материалдық активтер |
| | Жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы туралы мәліметтер, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдары үшін жағдайлардың болуы, білім беру ұйымдарының жабдықтарымен және жиһаздарымен, оқу-зертханалық жабдықтармен, техникалық оқыту құралдарымен жарақтандырылуы туралы мәліметтер жасақталған.<br>Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының 9-қосымшасына және шаруашылық жүргізу, ғимараттарға сенімгерлік басқару құқығын, ғимараттарды жалдау шарты жасақталған. Медициналық пункттің және медициналық қызметке лицензия осы бұйрықтың 10-қосымшаға сәйкес. Лицензия 26.10.2015 жылғы №00674DE<br>Санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес келетін тамақтану объектісінің болуы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының 11-қосымшасына сәйкес. №02/1 20.12.2023. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы, санитариялық қағидаларға сәйкес білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт, өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы акті сәйкес. ИП ТЛЕГЕНОВА жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің домендік атауы №02/1 20.12.2023 жыл |
| | Қорытынды: Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы үлесі – 97%, « Өте жақсы»<br>Ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу) үлесі -90 %, «Өте жақсы» |
| 6 | Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор |
| | Оқу және көркем әдебиеттің кітапхана қоры туралы мәлімет Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының 12-қосымшасына сәйкес жасақталған.<br>Интернет желісіне қосылған компьютерлер мен компьютерлік сыныптар талапқа сәйкес.<br>Келісімшарт №24, 04.03.2024жыл |
| | **Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №13070 |

| | |
|---|---|
| 3 | Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, Web-сайт) 8(72932)50734; электрондық пошта- kuiken2010@mail.ru, Web-сайт- http://kuikenmektep.edu.kz |
| 4 | Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә. лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)<br>Малбасов Моллахан Султангалиевич, лауазымға алғашқы тағайындау туралы бұйрық 04.02.2024. №3 жк. |
| 5 | Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу туралы анықтаманың /куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі)<br>Маңғыстау облысының әділет департаментінің Бейнеу аудандық әділет басқармасының заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы, 19.01.2021 жылы берілген, БСН 090940004754 |
| 6 | Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)<br>Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті тарапынан 2021 ж.08.05. №KZ01LAA00022396 лицензиясы бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру түрлері бойынша берілген. |
| | 2. Кадрлық құрамға талдау. |
| | Білім беру ұйымының қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының 7 қосымшасына сәйкес жасалды.<br>Педагогтардың штаттық кестесі және тарифтеу тізімі, тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан еийнгі), педагогикалық білімі бар педагогтар туралы, басшы кадрлар мен педагогтердің біліктілігін арттыру жөніндегі мәліметтер, педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы, білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың жеңімпаздарын дайындаған педагогтар туралы мәліметтер бағаланатын кезең бойынша жасақталды. |
| | Қорытынды: тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі - 87,9% «қанағаттанарлық»<br>Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей артырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі 99,4%, «жақсы»<br>Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларынын) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі - 41% «Төмен» жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санына үлесі – 48% « Жақсы» жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі 53% « Жақсы» |
| 3. | Білім алушылардың контигенті |
| | 2021-2024 оқу жылдары бойынша білім алушылар контигентінің тізімі, қозғалысы туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының 8 қосымшасына сәйкес,сандық құрама жасақталды. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар контигенті туралы және сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер талапқа сәйкес. |
| 4. | Оқу-әдістемелік жұмыс. |
| | 2021-2024 оқу жылдары бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес оқу жұмыс жоспары әзірленіп, бекітілген және сабақ кестесі жасақталған. |

| | |
|---|---|
| | тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етуіне үлесі -100%, «өте жақсы» |
| 7 | Білім алушылардың білімін бағалау. |
| | Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарға сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті, жиынтық бағалау талаптары https://mektep.edu.kz/ сақталған.<br>Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.<br>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау дамудың бұзуылуын және әлеуметтік бейімделуін түзету жұмыстары арқылы іске асырылған.<br>Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейінде оқу курсы үшін қорытынды аттестаттау үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің оқу пәндері бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі оқытудың күтілетін нәтижелеріне сәйкес емтихан хаттамалары жасақталған.<br>4,9 сынып оқушыларының тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарына көзделген білім берудің күтілетін нәтижелерін және білім беретін оқу бағдарламаларын игеруде жетістіктерін айқындау бойынша оқыту нәтижелері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының 13-қосымшасына сәйкес жасақталған. |
| | **Қорытынды:** 4 сыныптар бойынша -88,4%, «Өте жақсы», 9 сыныптар бойынша -73,1%, «Жақсы». Жалпы үлесі: 81,7%, «жақсы» деп бағаланды. |
| 8. | Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респоденттердің сауалнамасы. |
| | Қатысушылардың білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша сауалнама нәтижелері шығарылған. |
| | Қорытынды:<br>Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдауы: 90%, «Өте жақсы»<br>Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдауы: 90,5%, «Өте жақсы»<br>Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдауы: 91%, «Өте жақсы» |

Өзін-өзі бағалау нәтижесі:

Өзін-өзі бағалау комиссиясы 2024 жылдың 29 ақпанында №6 хаттамалық шешімге сәйкес Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Күйкен жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бағалау өлшемшарты бойынша қорытынды бағасы - «Жақсы» - 4

Комиссия төрағасы: М.Малбасов
Комиссия мүшелері: А.Тулегенова
Б.Шаганова
А.Ералиева
А.Кошимова
А.Баймұратова
Н.Аманова